

С.Ш. Мұсатаев* , Ф. Оразақынқызы ,

П.Р. Шәмшиев 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: mceka@mail.ru

АТАМЕКЕНДІ ДАМУДАҒЫ ШЕТЕЛДІК ДИАСПОРАНЫҢ РӨЛІ: ҚЫТАЙЛЫҚ «ХУАЦЯО» МЫСАЛЫНДА

Қазіргі кезде әлемдегі жалпы диаспоралардың ішінде «хуацяо» деп аталатын қытайлық диаспораның саны ең көп болып саналады. Қытайлық хуацяоның 50 миллионнан астам өкілдері әлемнің 150-ден астам елінде тұрады. Ашықтық пен реформалар саясаты басталғалы бері Қытай Халық Республикасы (ҚХР) басшылығы қытайлық диаспорамен жұмыс істеуге үлкен мән бере бастады, Қытай коммунистік партиясы (ҚКП) оның әлеуеті қаншалықты жоғары екенін түсінді. Өйткені, көші-қон үдерістері – қазіргі заманғы мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты. Осы мақаланың аясында авторлар «Қытай ғажайыбы» деп танылған ҚХР жаңғырып дамуына «хуацяоның» қосқан үлесін, қытай билігінің шетелдік қытай диаспорасымен қарым-қатынас жасасу саясатының ерекшеліктерін қарастырады.

Мақалада жаһандану жағдайындағы қытай халқының әлем елдеріне эмиграциялық ағындары, шетелдік қытайлардың ішкі шоғырлану ерекшеліктері мен олардың қабылдаушы қоғамға енуі, қытай диаспорасының өздерінің тарихи отанымен өзара іс-қимылы және ҚХР-дың саяси-экономикалық жаңғыруына тигізген ықпалына саясаттанулық талдау жасалады. Шетелдік қытай диаспорасы мен ҚХР көші-қон саясатының тәжірибесін қорытып, Қазақстан үшін үлгі боларлық сабақ алуға болады.

Қытайлық тәжірибеге сүйене отырып, әлем елдерінде шашырай қоныстанған бес миллионға жуық қазақ диаспорасы да Қазақстанды дамытуға үлес қоса алатын әлеуетті күш ретінде танылады, шетелдік қазақтармен рухани-мәдени қарым-қатынас жасаудан бастап экономикалық ынтымақтастық орнатуға дейінгі аралықтағы өзекті мәселелері көтеріледі, осы бағыттағы жұмыстарды дамытуға септігін тигізетін ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: көші-қон саясаты, ұлт саясаты, диаспора, ирридента, «хуацяо», ынтымақтастық, тарихи отан, репатриация, қандастар.

S. Mussatayev*, F. Orazakynkyzy, P.R. Shamshiev

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: mceka@mail.ru

The role of the Foreign Diaspora in the Development of the Historical Homeland: the case of Chinese «Huaqiao»

Currently, among the world's diasporas, the Chinese diaspora called «Huaqiao» is considered the most numerous. More than 50 million representatives of the Chinese Huaqiao live in more than 150 countries around the world. Since the beginning of the policy of openness and reform, the Chinese leadership has paid great attention to working with the Chinese diaspora, and the Communist Party of China (CPC) has realized how high its potential is. Because, migration processes are the most important direction of modern state policy. In this article, the authors will consider the contribution of «huaqiao» to the revival of the People's Republic of China, recognized as a «Chinese miracle», and the specifics of the policy of the Chinese authorities on interaction with the foreign Chinese diaspora.

The article presents a political analysis of the emigration flows of the Chinese population to the countries of the world in the context of globalization, the peculiarities of the internal consolidation of foreign Chinese and their entry into the host society, the interaction of the Chinese diaspora with their historical homeland and the impact on the political and economic modernization of the PRC. Summarizing the experience of the foreign Chinese diaspora and the migration policy of the People's Republic of China, we can draw lessons for Kazakhstan.

Based on the Chinese experience, the potential force that can contribute to the development of Kazakhstan is the Kazakh diaspora, whose number is about five million people living in different countries

of the world, topical issues are raised from spiritual and cultural interaction with foreign Kazakhs to the establishment of economic cooperation, proposals are given that contribute to the development of work in this direction.

Key words: migration policy, national policy, diaspora, irridenta, «huaqiao», cooperation, historical homeland, repatriation, compatriots.

С.Ш. Мусатаев^{1*}, Ф. Оразакынқызы², П.Р. Шамшиев³

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: mceka@mail.ru

Роль зарубежной диаспоры в развитии исторической родины: на примере китайских «хуацяо»

В настоящее время среди общемировых диаспор самым многочисленным считается китайская диаспора под названием «хуацяо». Более 50 миллионов представителей китайского хуацяо проживают в более чем 150 странах мира. С начала политики открытости и реформ руководство Китайской Народной Республики (КНР) стало уделять большое внимание работе с китайской диаспорой, Коммунистическая партия Китая (КПК) поняла, насколько высок ее потенциал. Потому что миграционные процессы – важнейшее направление современной государственной политики. В рамках данной статьи авторы рассмотрят вклад «хуацяо» в возрождение КНР, признанного «китайским чудом», особенности политики китайских властей по взаимодействию с зарубежной китайской диаспорой.

В статье дан политологический анализ эмиграционных потоков китайского населения в страны мира в условиях глобализации, особенностей внутренней консолидации иностранных китайцев и их вхождения в принимающее общество, взаимодействия китайской диаспоры с их исторической родиной и влияния на политико-экономическую модернизацию КНР. Обобщив опыт зарубежной китайской диаспоры и миграционной политики КНР, можно извлечь уроки для Казахстана.

Исходя из китайского опыта, потенциальной силой, способной внести вклад в развитие Казахстана, является казахская диаспора, численность которой около пяти миллионов человек проживающие в разных странах мира, поднимаются актуальные вопросы от духовно-культурного взаимодействия с зарубежными казахами до установления экономического сотрудничества, даются предложения, способствующие развитию работы в данном направлении.

Ключевые слова: миграционная политика, национальная политика, диаспора, ирриденда, «хуацяо», сотрудничество, историческая родина, репатриация, соотечественники.

Кіріспе

Жаһанданған әлемге тән белгі көші-қон процестерінің күшеюі болып табылады. Жаһандану әлем елдерінің бір-біріне ашықтығы мен ынтымақтастығына негізделген, сондықтан жаһандану жағдайында миллиондаған адамдардың дамыған елдерден жақсы өмір іздеп, өз отандарынан шет елдерге көшіп-қонуы үйреншікті жағдайға айналды. Соңғы елу жылда халықаралық мигранттардың саны үш есеге жуық өсті. Егер 1960 жылы бүкіл әлемде өз елінен тыс жерде тұратын 75,5 миллион адам болса, 2000 жылы – 176,6 миллион, ал 2009 жылдың соңында олар 213,9 миллионға жетті. Әлемдегі халықаралық мигранттардың саны 2019 жылы 272 миллион адамға жетті, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 51 миллионға көп. БҰҰ сарапшыларының бағалауы бойынша, қазіргі уақытта жер шарының әрбір 35-ші тұрғыны халықаралық мигрант болып табылады, ал

дамыған елдерде – әрбір оныншы тұрғын мигрант (United nation.: 2020).

XXI ғасырдың басында Иерусалим университетінің профессоры Г. Шеффер әлемдегі ең танымал диаспоралардың санын анықтауға тырысты. Оның есептеулеріне сәйкес, «Тарихи» деп аталатын (яғни, ежелден бері бар) диаспоралардың ең үлкені – Қытай – 35 миллион адам, Үнді – 9 миллион, еврей және сығандар – 8 миллион, армяндар – 5,5 миллион, грек – 4 миллион, неміс – 2,5 миллион, друз диаспорасы – 1 миллион адам (Sheffer, G.: 2003). Ол бұдан бөлек африкалық-америкалық 25 миллион адам, күрд – 14 млн., ирланд – 10 млн., италиян – 8 млн., венгр және поляк – 4,5 млн., түрік және иран – 3,5 млн., жапон – 3 млн., ливан (христиан) – 2,5 млн. адам құрайтын көптеген диаспоралар бар екенін айтады (Шеффер, 2003). Бұлардың арасында шетелдерде тұратын бес миллионға жуық қазақ диаспорасы бар екенін де ұмытпауымыз керек.

Соңғы қырық жыл бойы Қытай коммунистік партиясының (ККП) басшылары Қытай Халық Республикасын (ҚХР) жаңғырту мақсатында инвестициялық әлеуетті, шетелдік қытайлардың кәсіпкерлік және басқарушылық тәжірибесін, сондай-ақ шетелде «ақыл-ойды байытуды» белсенді пайдаланып келе жатыр. Бұл саяси тәжірибені талдау мен қорыту арқылы ұлт саясаты мен көші-қон саясатын жетілдіруге қажетті сабақтар алуға болады.

Мақала тақырыбын таңдау мен мақсат-міндеттерді негіздеу

Қытай Халық Республикасында (ҚХР) 1978 жылы «Реформалар мен ашықтық саясаты» (改革开放, *Gǎigé-Kāifàng*) басталуымен әлемнің түрлі елдерінде тұратын қытайлық диаспорамен қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған «Шетелдік қытайлармен жұмыс» (qiaowu gongzuo) деген ұлт саясатының бағыты белен алды. Содан бергі қырық жылдан астам уақыт ішінде шетелдердегі қытайлық диаспораның саны мен сапасы артып, әлемдік экономикадағы рөлімен қатар, ҚХР саяси-экономикалық жаңғыруына тигізген ықпалы да арта түсті. Қазіргі кезде «Шетелдік қытайлармен жұмыс» жүргізу ҚХР экономикасын жаңғыру, ғылыми-техникалық инновациялар және мәдени жаңғыруды стратегиялық арман-мақсатқа айналдырған «Қытай арманының» ажырамас бөлігіне айналды. 2014 жылы «Жэньминь Жибаоға» берген сұхбатында Қытайдың Сыртқы істер жөніндегі Мемлекеттік Кеңесі (ОКАО) басқармасының бас директоры Цю Юаньпин «Шетелдік қытайлармен жұмыс» ішкі және халықаралық ресурстарды шоғырландыру, елдің дамуын ұжымдық түрде тиімді жүзеге асыру үшін «нақты аймақтар мен институттардың тар параметрлерінен» шығудың маңыздылығын атап өтті.

ҚХР Даму және реформалар жөніндегі Ұлттық комиссия, Сыртқы істер министрлігі және сауда министрлігі дайындаған және 2015 жылғы наурызда жарияланған «Бір белдеу, бір жол» бастамасы бойынша іс-қимыл жоспарында «шетелдік қытайлар мен Гонконг пен Макаоның арнайы әкімшілік аудандарының ерекше рөлін пайдалану және оларды «Белдеу және жол» бастамасына қатысуға және оған өз үлестерін қосуға ынталандыру» қажеттілігі ресми түрде аталып көрсетілді.

Шетелдегі қытайлық диаспорамен қарым-қатынас жасауы, олардың әлеуетін тарихи отан саналатын ҚХР дамуына ұтымды пай-

далану тәжірибесінен Қазақстан да көп сабақ ала алады. Өйткені шетелдерде тұратын қазақ диаспорасының саны төрт жарым миллионға жуық. Жер бетіндегі қазақтың жалпы саны 17 миллионнан асатынын ескерсек, әрбір төртінші қазақ шетелдік (диаспора немесе ирредента). Шетелдік қазақ диаспорасы да өздерінің тарихи отанын дамытуға ынталы, атамекен Қазақстанды жаңғыртуға олардың да қосар үлесі зор, әлеуеті де баршылық. Тек осы бағытта еліміз тарапынан дұрыс ұстаным, тиімді саясат жүргізе білуіміз қажет. Бұл тұрғыда ҚХР шетелдік қытай диаспорасына қатысты жүргізіп отырған саясаты мен шетелдегі қытайлықтардың тарихи отандарын дамытуға тигізіп жатқан көмегі жақсы үлгі болары сөзсіз. Бұл өз кезегінде осы зерттеу тақырыбын таңдаудың қажеттілігін анықтайды.

Бұл зерттеудің мақсаты – қытай халқының көші-қон ағындары, шетелдік қытайлардың ішкі шоғырлану тетіктері мен олардың қабылдаушы қоғамға интеграциялануы, сондай-ақ қытай диаспорасының өздерінің тарихи отанымен өзара іс-қимылы және ҚХР-дың саяси-экономикалық жаңғыруына тигізген ықпалын талдау.

Зерттелетін мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер қойылған:

- шетелдік қытай диаспорасының қалыптасуындағы тарихи кезеңдер мен алғышарттарды, сандық және сапалық ерекшеліктерін, өзекті мәселелерін анықтау;
- шетелдердегі қытайлық диаспораның ҚХР жан-жақты жаңғырып дамуына қосып жатқан үлестерін талдау;
- ҚХР шетелдегі қытайларға қатысты жүргізіп отырған саясатының ерекшеліктерін зерттеу;
- әлемдегі қытай диаспорасы мен ҚХР арасындағы қарым-қатынастардың дұрыс жолға қойылуы мен дамуы, оң нәтижеге қол жеткізу тәжірибесін қорытып, Қазақстан мен шетелдегі қазақтар үшін үлгі боларлық сабақ алу.

Зерттеу бағыты көші-қон саласындағы ұлттық мүдделерді қорғау, диаспора мәселесі, әлемдік және ұлттық экономикадағы диаспоралардың орны мен рөлі, диаспораға қатысты мемлекеттік саясат.

Жұмыстың ғылыми және тәжірибелік маңыздылығының қысқаша сипаттамасы. Зерттеудің нәтижелері қазіргі көші-қон теориясы мен диаспора теориясының негізін құрайтын фактологиялық материалды толықтыра алады. Шетелдегі қытайлық диаспораның мысалында жасалған салыстырмалы талдау қорытындылары Қазақстан үшін тиімді сабақ алуға көмектеседі.

Зерттеу нәтижелері көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты айқындайтын қызметтер үшін практикалық жағынан пайдалы болуы мүмкін. Нақты жағдай туралы түсінік шетел азаматтарын елімізге ұйымдасқан және бақыланатын түрде тарту мәселелерінде барабар шаралар қабылдау үшін қажет.

Ғылыми зерттеу әдістемесі

Осы зерттеудің әдіснамалық негізі тарихилық қағидаты, жүйелік және салыстырмалы талдаулар болып табылады. Қойылған міндеттерді шешу үшін жүйелі тарихи тәсіл этнологияның кейбір арнайы ғылыми әдістерімен, сондай-ақ оның субдисциплиналарымен: этносоциология және этнопсихологиямен бірге қолданылады.

Диаспора мәселесінің теориялық қырларын ашу мен әлемдегі қытайлық диаспораның ықпалы туралы қолданбалы талдау жасауда Дж. Армстронг, Р. Брубейкер, Н. Гарднер, М. Дабаг, Б. Кео, Дж. Клиффорд, У. Коннер, Р.Коэн, А. Райдер, Ж. Сан, У. Сафран, М. Тюно, Г. Шеффер, М. Эсман сияқты батыс зерттеушілерін, ал ресейлік ғалымдардың ішінен В.И. Дятлов, Т.С. Илларионова, З.И. Левин, А.В. Милитарев, Т.В. Полоскова, В.Д. Попков, В.А. Тишков, Ж.Т. Тощенко, Т.И. Чаптыкова сияқты диаспора мәселелерімен айналысатын көптеген зерттеушілерді атап өтуге болады.

Әлемдегі қытайлық диаспора мәселесімен Р.А. Балданова, Е. Барабанцева, П.Н. Иванов, Е.Ю. Каткова, А.В. Коробков, А.Г. Ларин, В.Л. Нежданов, Н.А. Слука, Л.Е. Стровский, Е.А. Федорова, С.С. Ходова секілді т.б. ресейлік сарапшылар айналысады.

Қазақстандық ұлт саясатын зерттеушілер де диаспора мәселесін назардан тыс қалдырмайды: А. Айталы, Р.Б. Әбсаттаров, С.М. Борбасов, Г.Н. Ким, Ә.С. Қайдарова, Д.В. Мен, Г.Ө. Насимова, Н.В. Романова, Т.С. Сәрсенбаев, М. Сеңгірбай, М.Б. Тәтімов сияқты көптеген отандық зерттеушілер осы мәселені қарастырды. Ал әлемдегі қытайлық диаспора және Қытайдағы қазақ диаспорасы туралы М.Ж. Жолдасбеков, Ә.С. Кәукенов, Т.А. Мамашев, Г.М. Меңдіқұлова, Н. Мұқаметханұлы, А. Мұқибек, Ж. Мырзахан, К.Л. Сыроежкин, Ж. Шәкенұлы, К.Ш. Хафизова сияқты отандық зерттеушілердің еңбектері бар. Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектеріндегі нәтижелері біздің зерттеу тақырыбымыздың теориялық-әдіснамалық мәнін ашуға септігін тигізді.

Зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары

Ауқымы, географиялық бағыты және қатысушыларының құрамы бойынша қытайлық эмиграцияның дамуы екі үлкен толқыннан тұрады. Нақты айтар болсақ, қытайлардың әлем елдеріне таралуындағы бірінші толқынның өзі үш кезеңге бөлінеді.

Бірінші кезең – ежелгі дәуірден ХІХ ғасырға дейінгі аралықта қытайлардың көрші елдерге, оның ішінде негізінен оңтүстік-шығыс Азияға қытайлықтардың салыстырмалы түрде қарапайым көші-қонымен сипатталады.

Екінші кезең – ХІХ ғасырдан бастап Цин әулетінің құлдырауы және Қытайдың едәуір әлсіреуімен тұспа-тұс келді, ол 1949 жылы ҚХР құрылғанға дейін жалғасып, қытайлық көші-қон географиясының сауда-саттық арқылы айтарлықтай кеңеюімен ерекшеленеді.

Үшінші кезең – 1949-1978 жылдардағы отыз жылдық моизм дәуірі – Қытайдың шекараларының жабылуына байланысты эмиграцияның мүлдем болмауымен ерекшеленді. ҚХР құрылғаннан кейін елден көші-қон іс жүзінде тоқтады: «қырғи қабақ соғыс» және екі әлемдік жүйенің өткір идеологиялық қарама-қайшылығы жағдайында Қытай өз шекараларын жауып тастады, тек Тайвань, Сянган мен Аоманнан көші-қон тоқтамады. Сонымен бірге Қытаймен көршілес Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерімен иммиграцияға қатаң шектеулер енгізілді.

Ал қытайлық эмиграцияның екінші үлкен толқыны – 1978 жылы Қытайдың «Реформалар мен ашықтық саясатын» жүзеге асыруға көшуімен басталды. Қазіргі қытай диаспорасының жартысына жуығын осы тарихи оқиғадан кейін шетелдерге көшіп кеткен адамдар құрайды. «Жаңа мигранттар» деп аталатындардың пайда болуы бұрыннан қалыптасқан диаспоралар мен бүкіл әлемдегі қытайлар туралы көзқарастарға әсер етті. Мұндай мигранттар Қытайдың жаңаша жаңғырып дамуында да маңызды рөл атқарды. Олар Аспан асты елін модернизациялауындағы маңызды күш қана емес, сонымен қатар, ҚХР мен сыртқы әлем арасындағы байланыстырушы буынға айналды (Hong, Dongen, 2016).

Әдіснамалық жағынан Қытай диаспорасын зерттеу жағдайында тарихи қалыптасқан тұжырымдамалық және терминологиялық аппараттың тармақталуы қосымша қиындықтар туғызады. 1990 жылғы 7 қыркүйектегі «Оралған хуацяо мен олардың туыстарының құқық-

тары мен мүдделерін қорғау туралы» ҚХР Заңына сәйкес, елден тыс жерлерде тұратын қытайлардың бірнеше атаулары (терминдері мен түсіндірмелері) бар.

1. Тунбао-отандастар (қыт. 同胞 tongbao) – Қытай Республикасының аумағында (Тайвань) және арнайы әкімшілік аудандарда (Гонконг және Макао) тұратын және іс жүзінде қытай диаспорасының өкілдері болып саналмайтын қытайлар.

2. Хуацяо – Қытай мигранттары (қыт. 华侨 huaqiao) – шетелде тұрақты тұратын және ҚХР, Қытай Республикасы және арнайы әкімшілік аудандардың (Гонконг және Макао) азаматтығына ие қытайлар. Тарихи тұрғыдан алғанда, бұл ұғым біраз уақытқа шетелге көшкен қытайларға қатысты болды және басқа елдерде тұрақты негізде тұратын адамдарды қамтымады. Бұл термин орыс тілді ғылыми әдебиеттерде кең таралған.

3. Вайжи хуажен – шетелдік азаматтығы бар қытайлар (кит. 外籍华人 waiji huaren) – шетелдік азаматтығы бар, оны натурализация нәтижесінде немесе шетелдерде туған кезде алған, сондықтан да ҚХР, Қытай Республикасы және арнайы әкімшілік аудандар (Гонконг және Макао) азаматтығынан автоматты түрде айырылған қытайлар, хуацяо және олардың ұрпақтары. Бұл термин қытай тектес шетелдіктерді білдіреді; қысқартылған түрі – хуажен-қытайлар (кит. 华人 huaren).

4. Хуаи – қытайлардың ұрпақтары (қыт. 华裔 huayui) – қытай тектес адамдар, қытайлық мигранттарының ұрпақтары. Бұл термин Қытайдан тыс жерде туып-өскен, білім алған және шетелде әлеуметтенген адамдарды, екінші, үшінші буын мигранттарын білдіреді. Хуаи құрамына хуажен кіреді. Осы жерде шетелдік қытай диаспорасы өзара топтасып, өздері қоныстанатын қаланың ішінен «қытайлық ықшам аудандар» саналатын «чайнатаун» құрап алатынын айта кеткеніміз жөн.

5. Хайвай хуажен – шетелдік қытайлар (кит. 海外华人 haiwai huaren) – шетелде тұратын барлық қытайлар мен қытай тектес адамдар, барлық қытай мигранттарының жиынтығы, Шетелдік қытай қауымдастығы, шын мәнінде барша қытай диаспорасы. ҚХР мен Қытай Республикасының барлық ресми құжаттарында азаматтығына қарамастан Қытайдан тыс жерде тұратын қытай халқын анықтау үшін дәл осы термин қолданылады. Бұл ұғым шетелде тұратын Қытай (ҚХР), Қытай Республикасының және арнайы әкімшілік аудандардың (Гонконг және

Макао) азаматтары үшін де, шетел азаматтығын алған этникалық қытайлар үшін де қолданылады. Диаспораға Қытай мигранттарының ұрпақтары, этникалық аралас отбасыларда Қытайдың бөлінуінен кейін туған, этникалық ерекшелігін және тарихи отанымен байланысын сақтаған адамдар кіреді (Ларин, 2008).

Ал ағылшын тіліндегі ғылыми әдебиеттерде Қытайдан тыс жерде тұратын бүкіл қытай диаспорасын сипаттау үшін «Overseas Chinese» деген атау жиі қолданылады (The state council of the PRC.: 2014).

Статистикалық түрлі есептер бойынша, отанынан тыс жерде қоныстанған этникалық қытайлардың саны 35-тен 62 миллионға дейінгі аралықта. Бұл тұрғыда қытайлықтардың өздері «Күн сәулесі түсетін барлық жерде біздің бауырларымыз бар деп айта аламыз», – деп мақтанады екен. Алайда, әлемдегі қытай қауымдастығының негізгі бөлігі – 70 %-дан астамы АСЕАН елдеріне тиесілі. Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне келетін болсақ, қытайлардың ең үлкен ағындары Малайзияға, Таиландқа, Филиппинге және т. б. этникалық қытайлар осы елдердің барлық тұрғындарының 6% құрайды. Ал жекелеп алғанда: Сингапур халқының 76 % қытайлар, Малайзия халқының – 24%, Таиланд халқының – 14%, Бруней халқының – 11,2%, Индонезия халқының – 3%, Лаос халқының – 3%, Мьянма халқының – 3%, Филиппин халқының – 1,5%, Вьетнам халқының – 1,1%, Камбоджа халқының – 1% қытайлар (Ходова, Федорова, 2015).

Сонымен қатар, ХХІ ғасырдың басында Ресей Федерациясының Қытаймен шекаралас жатқан Сібір аймағында және Қиыр Шығысында қытайлар санының көбейіп (2,5 миллион адамға дейін), соңғы кездері одан әрі қарай тұрақты өсіп жатқанын да ұмытпауымыз керек (Хафизова, 2000).

Қытай диаспорасы АҚШ, ҚХР және Жапониядан кейінгі «әлемдегі төртінші экономика» болып саналады. ХХІ ғасырдың басындағы диаспораның жиынтық капиталы 1500 млрд. АҚШ долларын құраған (Стровский, 2008). Соңғы жылдар ішінде бұл капитал ұдайы өсуде, этникалық қытай эмигранттарына тиесілі жоғары деңгейдегі трансұлттық компаниялардың саны жыл сайын өсе түсуде. Мәселен, Таиландта, Индонезияда, Филиппинде қытайлық кәсіпкерлердің экономикадағы үлесі жергілікті халықтың үлесінен 15-20 есе артық. АСЕАН елдерінің экономикасының жекелеген салалары толығымен дерлік қытай диаспорасының қолында. Айталық, Таиландта қытайлықтардың

үлесіне сауда саласындағы инвестициялардың 90% және өнеркәсіптегі осынша инвестиция тиесілі (Золотухин, 2011). Бұл бізге АСЕАН елдерінің мысалында қытай диаспорасының ықпалы күшті деп айтуға мүмкіндік береді.

Оңтүстік-шығыс Азия (ОША) елдерінің экономикасы қытайлық жұмыс күші, капитал мен кәсіпкерлік тәжірибесінің әсерімен өсіп, табыс табуды жалғастыруда. Қытайлық азшылықтың қызметі ЖІӨ, экспорт көлемі, халықтың орташа кірісі сияқты негізгі көрсеткіштердің өсуіне ықпал етеді.

Халықаралық іскерлік байланыстарының арқасында қытайлар Оңтүстік Африка елдеріне де жаһандық нарыққа кіруге көмектесті. Жаңа заманауи технологияларды жасаушы болмаса да, олар дамыған мемлекеттерден алынған технологияларды жергілікті жерлерге көшіре бастады. Сонымен бірге, Қытай диаспорасы қызметінің бірқатар аспектілерін қабылдаушы елдердің байырғы халқы өздерінің мүдделеріне нұқсан келтіруші фактор ретінде қабылдайды. Яғни, байырғы халықтар өздерінің жұмыссыз болуы мен кедей өмір сүруіне қытайлық мигранттарды себепсіз айыптайды. Қытайлық диаспораның пысық, еңбекқор, кәсіпкерлік қабілеті күшті екенін біле тұра мойындағылары келмейді.

Қытайға қарсы көңіл-күйді туындататын тағы бір фактор – қытайлар жинаған қаржы-қаражатын өздерінің тарихи-этникалық отанына аударуы. Бұл қытай диаспорасының өзі сияқты ұзақ уақыт бойы қалыптасқан құбылыс. Соңғы жылдары Қытай диаспорасы арқылы капиталды экспорттау ерекше маңызды болды: шетелдік қытайлардың ҚХР-ға салған инвестициялары Қытайдың АСЕАН елдеріне салған инвестицияларынан екі есе көп, ал Қытай инвестициялары АСЕАН елдеріне салынған барлық шетелдік тікелей инвестициялардың 5% азын құрайды (Анохина, 2012).

2010 ж. шетелдік қытайлардың тікелей инвестицияларының көлемі – бұл негізінен ОША-дан ҚХР экономикасына салынған инвестициялар 77 млрд. АҚШ долларына жетті (Нежданов, 2017). Егер Қытай өз экономикасына осындай көлемде инвестиция құйылғанын құптап, одан сайын ынталандыруға тырысса, бұл еріксіз қаржылық донор рөлін атқарған елдер үшін бұл олардың жер аумағында тек қытайлықтардың ғана емес, өз азаматтарының да еңбегімен жиналған ұлттық капиталдың шетел асып, жағымсыз жылыстап кетуі еді. Бұл тұрғыда тіпті жергілікті қытайлардың саяси адалдығына да күдік туындауы мүмкін. Қытайға

қарсы көңіл-күй үшін қосымша әсер етуші фактор – бұл «жаңа мигранттар» алдыңғы толқын мигранттарына қарағанда өздерінің тарихи Отанымен тығыз байланыстар орнатуы, жергілікті қоғамнан бөгіделініп, тұрғылықты халықпен жақын байланыс орнатуға асықпауы.

1970 жылдардың басынан бастап қытайлық кәсіпкерлер «экономикалық ұлтшылықтың» қысымымен өз жағдайын нығайтуға ұмтыла отырып, жерлестік, отбасылық-рулық (бірдей отбасылық иероглифке сәйкес), содан кейін кеңірек, этникалық негізде құрылған халықаралық ұйымдарға біріге бастады. 1991 жылы Қытай кәсіпкерлерінің дүниежүзілік конгресі атты сапалы түрде жаңа, көлемі жағынан ірі халықаралық ұйым құрылды. ҚХР үкіметі бұл ұйымдарға әртүрлі қолдау көрсетеді, ал ОША мемлекеттерінің билігі мен іскерлік топтары оларға жағымсыз көзқараспен қарайды. Олардың көзқарасы бойынша, мұндай ұйымдардың қызметі қытайлық диаспоралардың өздері тұратын елдердің экономикасынан бөлінуі мен бөгіделуіне, этникалық қытайлардың осы елдердің басқа этникалық топтарымен ынтымақтастығының әлсіреуіне алып келеді.

Қытай диаспорасының сандық және сапалық жағынан өсу үдерісін дамыған елдерден де байқауға болады. Бұл тұрғыда қытайлық диаспора қауымдастығы 3,8 миллион адамды құрайтын АҚШ көрнекті мысал болып табылады. АҚШ-тағы қытайлық диаспора дамыған елдердің ішіндегі ең көбі саналады және Тайланд, Индонезия және Малайзиядан кейінгі әлемдегі төртінші ірі қытайлық диаспора. Қазіргі даму кезеңінде АҚШ-тағы қытайлық диаспора жоғары білім мен материалдық деңгейге ие: қытайлар АҚШ-тағы барлық этникалық азшылықтардың ішіндегі ең білімдісі және ең жоғары табысқа ие. Олар сондай-ақ жоғары білім туралы дипломдардың, академиялық дәрежелер мен оқу жетістіктері үшін наградалардың да көп санына ие. Америкалық қытай диаспорасының едәуір бөлігі бұрынғыдай, «жаңа мигранттар» пайда болғанға дейінгі кездегі сияқты экономиканың дәстүрлі салаларында шағын және орта бизнеспен айналысса, қазір оның экономикалық белсенді бөлігінің 50% астамы жоғары технологиялар саласында, зерттеу орталықтарында, білім беру жүйесінде, медицинада, банк саласында, құқықтану саласында жұмыс істейтін білікті мамандар болып табылады (Nathan, Keo, 2020).

Көптеген қытайлар америкалық ғылыми кластерлерде, ең алдымен Силикон алқабында

жұмыс істейді, онда хуацяолар барлық жұмыс істейтіндердің шамамен 10 % құрайды. Олар өздерін, әсіресе ақпараттық технологиялар саласында жаңа компаниялардың (стартаптардың) табысты құрушылары ретінде көрсетті. Кәсіпкерлер, зерттеушілер, инженерлік-техникалық персонал, менеджерлер ретінде жұмыс істей отырып, олар инновациялық өнімді әзірлеуге де, өндіруге де айтарлықтай үлес қосуда. Қытайға заманауи технологияларды экспорттайтын фирмаларда жұмыс істей отырып, қытай диаспорасының өкілдері АҚШ-Қытай экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастығының дамуына ықпал етеді. Кейбір жағдайларда бұл үшін АҚШ-та материктік Қытайда немесе Тайваньда бөлімшелері бар компаниялар құрылады, жаңа мигранттар арасында оқуға келген жастар немесе (егер бұл жас ғалымдар болса) америкалық университеттерде тағылымдамадан өту үшін ерекше орын алады.

АҚШ-тағы шетелдік студенттердің көпшілігі (194 мың) – ҚХР-дан келгендер (Thuno, 2018). Оқу аяқталғаннан кейін олардың бір бөлігі «ақ жағалар» қатарын толықтыра отырып, АҚШ-та қалады. АҚШ-та қалатын қытайлық эмигранттар негізінен олардың ішіндегі ең талантты, элиталық бөлігі саналады. Қытайға оралғандар екіжақты іскерлік және тіпті саяси байланыстар жүйесінде жұмыс істеу үшін кадрлар резервіне айналады. Сондықтан америкалық білім беру департаменттері мен бизнес ҚХР-дан келетін «ми ағынына» өте қызығушылық танытады және Қытай студенттерін АҚШ-қа тарту, оларға жеңілдіктер беру және материалдық көмек көрсету, соның ішінде халықаралық ұйымдар арқылы тарту үшін үлкен күш салуда.

Қытай бизнесінің форматы Еуропадағы барлық басқа азиялық азшылықтардың экономикалық қызметінің ауқымынан тез әрі бірнеше есе асып түсті, соңғы жылдары Қытайдың ЕО экономикасына инвестициялары 10 есе өсті (РИА, 2017).

Сонымен, тек ЕО консалтингтік компаниясының мәліметтері бойынша, олар 2016 жылы үш есе өсті – 30,1 миллиард доллардан 85,8 миллиард долларға дейін. 2016 жылы қытайлар 309 еуропалық компанияны немесе олардың акциялық үлестерін сатып алды. Осындай объектілердің саны бойынша бірінші орынды Германия (68 компаниясын қытайлар сатып алды), екінші орынды Ұлыбритания (47), үшінші орынды Франция мен Италия (34-тен) иеленді. Салыстыру үшін: шамамен оның алдындағы 10 жыл бұрын, 2007 жылы қытайлар бүкіл Еуро-

пада тек 51 компания сатып алған (Рождественская, 2017).

Түсінікті басымдықтармен Қытай инвестицияларының географиясы кең, оларды Еуропаның барлық мемлекеттерінде, соның ішінде Балтық аймағында да кездестіруге болады. Атап айтқанда, 2012 жылы Орталық және Шығыс Еуропа елдерімен ынтымақтастық орнату үшін «16+1» жобасы іске қосылды. Оның басты мақсаты – технологиялар мен зерттеулерге, халықаралық сату арналары мен танымал брендтерге қол жеткізу, қытай экономикасына шикізат жеткізуді қамтамасыз ету. Аспан асты елі кәсіпорындарының қосымша мақсаты – сыртқы инфрақұрылым саласындағы жобаларға инвестиция салу, сондай-ақ қытайлық мердігерлер іске асыратын жобалар үшін жеңілдікті кредиттер беру болып табылады (Слука, Коробков, Иванов, 2018).

Басқаша айтқанда, Қытай Еуропамен байсалды, тығыз және ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнатуға көшті. Сонымен қатар, ресми Пекин адами капитал ресурстарын толықтыруды көздейтін репатриациямен байланысты жобаларды біртіндеп қысқартып, «шетелден Отанға қызмет ету» деген кең ауқымды стратегияға көшуде. Оның басты міндеті – этникалық қауымдастықтардың жоғары шоғырлануы бар елдерде Мемлекеттік ықпал ету факторы ретінде қытайлық орталықты қалыптастыру. Болашақта мұндай ықпал ету топтарының өкілдері тұратын елдің қоғамдық-саяси және экономикалық өміріне терең еніп, қажет болған жағдайда Қытайдың мүдделерін қорғап, шет елдерден қолдау жасауы керек. Осылайша, диаспораның ұлттық сана-сезімін Қытайдың жаһандық саяси және экономикалық басымдығының болашақтағы көмекші факторы ретінде сақтауға және нығайтуға басты назар аударылатын болады (Галстян, 2017).

«Жұмсақ күш» (*soft power*) термині түрліше түсіндіріледі. Қытай үшін бұл «ақылды күш» дегенді білдіреді. Мұнда негізінен конфуцийлік даналық пен мемлекеттің сыртқы саясатында шешім қабылдау кезінде басшылыққа алынуы керек мәдени ерекшеліктер бар.

Қытай диаспорасының өрлеуі Қытайдың күшеюімен тығыз байланысты, ол Қытайдың экономикалық және әскери күшінің өсуінен, сыртқы әлеммен интеграцияны тереңдетуінен туындайды. Ресми Бейжің билігі шетелдердегі қытайлық диаспорамен ынтымақтастық орнатуға мүдделі және оны қорғауды өзінің міндеті деп санайды. Бұл жағдайлар бүгінде және жақын

болашақта әлемдік қытай диаспорасының өсуін қамтамасыз етері даусыз.

Ал енді қытайлық диаспораның өз тарихи отанын дамытуға қосқан үлесін үлгі ете отырып, шетелдегі қазақтардың өз атамекені – Қазақстанды дамытуға атсалысу мәселесіне тоқталсақ. Отандық белгілі ғалым Г.М. Мендікұлованың «Қазақ диаспорасының тарихи тағдыры» атты еңбегінде берілген мәліметке сүйенсек, Қазақстан аумағынан тыс жерлерде 4 млн. 500 мыңға жуық қазақ тұрады, оның ішінде бұрынғы КСРО-ның 14 мемлекетінде және әлемнің 25 елінде, олардың тек 800 мыңға жуығы – диаспора, қалған 3 млн. 700 мыңы қазақ ирреденті болып табылады, яғни олар әр түрлі тарихи кезеңдерде алаяқ ойындар мен сол кездегі саяси элитаның амбициясы салдарынан Қазақстанмен шектес, одан ажырасқан және Ресейге, Қытайға, Өзбекстанға қосылған жерлерде тұрады. Ирредентке Ресейдің Астрахань, Орынбор, Қорған, Омбы, Таулы-Алтай автономиялық облыстарында, Қытайдың Іле қазақ облысының Алтай, Тарбағатай, Іле аймағында, Құлжа қаласы, Құмұлдың Баркөл қазақ автономиялы ауданында, Моңғол Халық Республикасының Баян-Өлгей аймағында, Өзбекстандағы Сырдария, Шыршық, Қызылқұм және Мырзашөл аудандарында тұратын қазақтар жатады» (Мендикулова, 1997).

Сонымен қатар, Қытайдың ішкері аймақтарында: Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы Үрімші қаласы мен Үрімші ауданында, Күйтүн, Қарамай, Шығызы қалаларында, Бұратала монғол автономиялы облысында, Санжы Хуйзу автономиялы облысында, Гансу провинциясының Ақсай қазақ автономия ауданында, Бейжің қаласында да қазақ диаспоралары мекендейді (Мырзахан, 2017).

Бұдан бөлек Түрікменістанда 90 мыңдай, Қырғызстан мен Тәжікстанда 50 мыңнан аса қазақ тұрады. Түркия, Ауғанстан, Иран, Пәкістан, Германия, АҚШ, Австралия, Франция, Канада және тағы басқа да алыс шетелдерде төрт жүз мыңға жуық қазақтар бар.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының деректеріне сәйкес Қазақстаннан тыс жерлерде әлемнің 43 елінде 5 млн. астам адам немесе қазақтардың жалпы санының 30-35%-ы тұрады. Олардың 80% Өзбекстанда, ҚХР мен Ресейде тұрады. Өзбекстанда – 2 миллионнан астам; Қытайда 2 миллионға жуық; Ресейде 1 миллионға жуық; Моңғолияда 83 мың; Түркіменстанда 74 мың; Түркияда 12 мың; Қырғызстанда 10 мың; Иранда 5 мың, Еуропа елдерінде: Францияда

180 отбасы; Германияда 160 отбасы; Швецияда 51 отбасы; Австрияда 20 отбасы; АҚШ-та 14 отбасы; Ауғанстанда 150 отбасы; Сауд Арабиясында 15 отбасы; Австралияда 5 отбасы (Мамашев, 2011).

Қазақы этникалық диаспораға қатысты бізде екі түрлі ұстаным бар. Оның *біріншісі* – шетелдік қазақтарды қандас-бауырлар ретінде тарихи отанға Қазақстанға жинаған дұрыс деген бағыт. Бұл бағыттағы зерттеушілердің ойынша шетелдік қазақтар болашақта өздері мекендейтін елдердегі саны басым негізгі ұлттың ықпалымен ассимиляцияға ұшырап, өздерінің ұлттық ерекшеліктерін жоғалтып алуы мүмкін. Бұған Қытай, Ресей, Өзбекстан сияқты қазақ диаспорасы көп мекендейтін елдерде қазақ мектептерінің жабылып қалуы, олардың арасында қазақстандық газет-журналдар мен теле-радио хабарларының таратылмауы, көрші елдердің биліктері тарапынан қазақ диаспоралары үшін олардың ана тілінде хабар тарататын БАҚ санын қысқартуы т.б. себептер көп. Сондықтан да шетелдік қазақтарды атамекенге барынша тезірек жинауға жағдай жасалуы керек.

Мысалы, ҚСЗИ сарапшысы Н. Сейдиннің ойынша, қазіргі уақытта шет елдерде соғыс жүріп жатқан кезде немесе этникалық фактор мемлекеттер арасындағы қарым-қатынаста маңызды бола бастаған кезде, диаспора проблемалары ерекше назар аударуды қажет етеді. Диаспора проблемалары болашақта саясатқа, идеологияға, ұлтаралық қатынастарға және басқа салаларға жақсы жағынан әсер етпеуі мүмкін. Қазақстан басшылығы отандастарға ана тілін, мәдениетін, ұлттық дәстүрлерін сақтауға көмек көрсетуі тиіс, онсыз олар өздері тұратын елдің халқымен ассимиляцияланады (Сейдин, 2003).

Бұл аталған мәселелер Қазақстан билігіне де белгілі. Осы мақсатта 2008 жылғы 2 желтоқсандағы ҚР Үкіметінің № 1126 Қаулысымен 2009-2011 жылдар аралығында 3 жылда Қазақстанға шетелден 300 мың адамды көшіріп алу жоспарланған «Нұрлы көш» бағдарламасы қабылданса, ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 280 қаулысымен «Шетелдегі этникалық қазақтарды қолдау жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары» бекітілген. Шетелдік қазақ диаспорасының атамекенмен байланысын дамыту, ынтымақтастық орнату мәселелерімен Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы да айналысады. Тәуелсіздік жылдары бес рет Дүниежүзі қазақтарының құрылтайлары өткізілді.

Шетелдік қазақ диаспорасына қатысты *екінші ұстаным* бойынша қандастарды (бұрын «оралман» деп келдік, Қазақстан Президенті Қ. Тоқаевтың ұсынысымен «қандас» деп атай бастадық) жаппай Қазақстанға жинаудың қажеті жоқ. Яғни, атамекеніне оралғысы келген шетелдік қазақтарға жол ашық, бірақ қандас қазақтар шетелде тұрып-ақ өсіп-өркендей алады және Қазақстанның дамуына үлес қоса алады деген бағыт. Тіптен көршілес жатқан Қытай, Ресей, Моңғолия, Өзбекстан, Түркменстан сияқты елдердегі қазақтар негізінен ирриденалар, олар өздерінің ата-бабалары мекендеген ата-жұртта, кіндік қандары тамған туған жерлерінде өмір сүруде. Сонымен қатар, шетелдік қазақтар Қазақстанның ұлттық мүдделерін сыртта жүріп-ақ қорғауға, Қазақстанның дамуына атсалысып, өздері мекендейтін елмен қарым-қатынастар орнатуға, бірлескен іскерлік жобаларды жүзеге асыруға атсалыса алады. Мысалы, академик М. Жолдасбеков: «Түгел көшіп, атажұртты тастап кетпедер» атты мақаласында: «Тарихи отанымыз Қазақстан екен деп осында үдере көшіп келуді доғарындар. Мынау Моңғол жерінде отырған қандастарымыздың басым бөлігі керейлер, наймандар. Өзіңнің ата жұртың шырағым. Сен ол жерге еш жерден көшіп барған жоқсың. Ол жерде Тоғыз Оғыз дейтін мемлекет болған моңғолдан да бұрын. Ол Керейлердің мемлекеті. Қыпшақтардың бәрі Сегіз Оғыз мемлекеті болды. Сегіз Оғыз мемлекеті ол Найманның мемлекеті. Бұл кім – бұл қазақ құрған мемлекеттер. Шыңғыс ханды Хан көтерген құрылтай. Құрылтай деген моңғолдың сөзінде жоқ меніңше. Қият, Керей, Найман, Жалайыр көтерген жоқ па оны Хан қылып. Неге көшесіндер дедім. Сол сияқты Қытайдан да үдере көшудің қажеті жоқ. Алтай, Іле, Тарбағатай ол қазақтың жері. Бабаларың жатқан жер. Мәселен Қытайдан үлгі алмайсындар ма? Сол Қытай қазір Америкадан өздерінің кварталдарын ашып тастады», – дейді (Жолдасбеков, 2014).

Бірақ М. Жолдасбековтің бұл пікірі ақиқатқа жақын болса да, кезінде қоғамдық пікірге екіұдай әсер етіп, түрлі дау туғызып, сынға ұшыраған еді. Ал енді қытайлық шетелдік диаспора өкілдерінің іс-қимылы мен тәжірибесіне қарасақ, олар шынында өз отандарынан шетте жүріп-ақ даму үстінде, өздері жансақтап қана қоймай, туған жеріне көмектесуде, тарихи отандары – ҚХР дамуы мен жаңғыруына жан-жақты атсалысуда.

Біз бұл мәселеде шетелдегі қазақ диаспорасын ғана емес, Қазақстанда туып-өскен, білім

алған, ауасын жұтып, ас-суын ішкен эмигранттар – шетелдік «экс-қазақстандық» азаматтар туралы да ұмытпауымыз керек. Олардың басым көпшілігі қазақ болмаса да, Қазақстанды туған жерім деп санайтыны сөзсіз. Оларды Қазақстанмен байланыстыратын нәрсе көп, ата-аналары қазақ жерінде жерленген, бал дәурен балалық шақтары, қызыққа толы жастық өмірлері Қазақстанда өтті, қаншама достары мен тамаша естеліктері бар. Олардың арасында да туған жерін дамытуға атсалысқысы келетін азаматтар баршылық. Мәселенің осындай қырларын да ұмытпай, мемлекеттік ұлт саясаты мен көші-қон саясатын да ескергеніміз жөн.

Қорытынды

ҚХР билігі шетелдергі қытай диаспорасымен тығыз қарым-қатынас орнату арқылы патриоттық рухты дамытуда, шетелдік қытайлар өздерінің әлеуетін ұтымды пайдаланып, тарихи отанын жаңғыртуға белсенді атсалысуда. Бұл жерде елдің іші мен сыртындағы қытайлардың бір-біріне деген сенімі, ұлтжандылығы мен отаншылдығы, екі тараптың да өзара ынтымақтастыққа негізделген сыйластығы жатыр. Қытай диаспоралық ұлт саясатында прагматизмді басшылыққа алды, шетелдік қытайларды (хуацяо, хуаи, хайвай-хуажен) ҚХР дамытуға тарта білді, олардың Қытай экономикасы мен мәдени-рухани өміріне кірігуіне жан-жақты жағдайлар жасады. Бұл тұрғыда Қазақстанның қытайлық тәжірибеден көп сабақ алуына болады, шетелде тұратын бес миллионға тақау қазақ диаспорасымен тығыз қарым-қатынас жасап, іскерлік байланыстар орнату арқылы елімізге пайдалы қыруар істерді атқаруға болар еді.

Әрине, бізде осы мақсат үшін Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығы құрылғаны белгілі, алайда бұл құрылымның қызметін жетілдіруіміз қажет. Осы мақаланы жазу барысында мәлімет алу үшін осы ұйымға тиесілі – <http://www.kazak-alemi.kz> сайтына кіре алмадық, соңғы кездері оның сайты жұмыс істемей тұр (мүмкін уақытша, техникалық себептен шығар). Ақпарат ғасырында, оның үстіне пандемия жағдайында интернет хабар алмасудың бірден бір жолы екенін ескерсек, Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығы сайтының тұрақты және мазмұнды жұмыс істеуі барша қазақтар үшін өте маңызды. Бұдан бөлек балама интернет сайт болғаны да дұрыс, сонымен бірге әлеуметтік желілер арқылы да әлемдегі қазақтармен қарым-қатынасты дамыту аса маңызды. Жалпы, шетелдегі қазақ диаспо-

расымен байланыс орнату біздің мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болуы тиіс (бұл сыртқы саяси, мәдени, ақпараттық, білім-ғылым салаларын кешенді қамтуы керек).

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Қазақстанда шетелдік қазақ диаспорасына қолдау жасау, олармен байланыстар орнатуға бағытталған арнайы мемлекеттік жоспар да бар. Бірақ бізде шетелдік қазақтардың тұрмыс-тіршіліктері, проблемалары, қол жеткізген жетістіктері, олардың арасынан шыққан белгілі тұлғалар, іскер кәсіпкерлер туралы т.б. нақты мәліметтер өте аз. Бізде негізінен мұндай ақпарат тарату науқаншылдық сипатта, мысалы Дүниежүзі қазақтарының құрылтайын өткізу қарсаңында шетелдік қазақтар туралы отандық газет-журналдар жарыса жазып, теле-радиода түрлі ақпарат таратады. Ал басқа уақытта шетелдегі қазақ диаспорасы туралы өте аз айтылып, сирек жазылады. Сондықтан қазақстандық БАҚ арқылы осы бағытта арнайы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсе дұрыс болар еді. Және бұл жұмыс екі бағытты болуы шарт,

яғни біз сыртта жүрген қазақтар туралы ақпарат алсақ, олар өздерінің Атамекені – Қазақстан туралы, қалың қазақ ел-жұрты жайлы мағлұмат алып отыруы тиіс. Яғни, шетелдік қазақтар арасында Қазақстанда шығатын БАҚ тарату, қазақ мектептерін ашу, мәдени орталықтар жұмысын дамыту, атажұртқа туристік сапармен саяхат жасау т.б. кешенді жұмыстарды жүргізу қажет.

Шетелдік қазақтар арасында ірі бизнесмендер мен іскер кәсіпкерлер, белгілі ғалымдар мен өнер қайраткерлері, талантты спортшылар баршылық, олардың Қазақстанға келіп бизнес жасауына, біріккен кәсіпорындар ашуына, елімізге инвестиция құюына көмектесіп, қаншама игі істерді бірігіп атқаруға мүмкіндіктер бар. Шетелдердегі қазақ диаспорасы туралы жан-жақты ақпарат алып, олармен тығыз қарым-қатынас орнатсақ, саяси-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени-рухани бағыттарда ынтымақтасу арқылы қандастарымызды Қазақстанды дамытуға тартсақ, ұлттық рухани жаңғыруға, ұлттық бірегейлікті нығайтуға жаңаша серпін берер едік.

Әдебиеттер

- Анохина, Е.С. Система организации работы по взаимодействию с зарубежными китайцами в КНР / Е.С. Анохина // Вестник Томского государственного университета. – 2012. – № 362. – С. 65-68.
- Gabriel Sheffer. *Diaspora Politics: At Home Abroad*. Cambridge University Press. Printed in the United Kingdom at the University Press. – Cambridge, 2003. – P. 17.
- Галстян А. Китайские диаспоры начали захватывать экономики стран мира // Institute of Social and Economic Development. URL: <http://isedworld.org/2017/11/27>
- Жақып Мырзахан. Шыңжаң шындықтары // <https://e-history.kz/kz/news/show/317/>
- Жолдасбеков М. Түгел көшіп, атажұртты тастап кетпендер // <http://old.baq.kz/kk/diaspora/1119>
- Золотухин И.Н. Китайская диаспора в Юго-Восточной Азии // Ойкумена. – 2011. – № 2. – С. 158.
- Ларин А.Г. Китай и зарубежные китайцы. – М., 2008. – С. 4.
- Нежданов В.Л. Китайская диаспора и Китай: общественные и экономические отношения для взаимного политического блага // Общество и государство в Китае. – 2017. -№ 2. – С. 246.
- Мамашев Т.А. Ұлттық идея – отандастардың тәуелсіз Қазақстанның игілігі жолында бірігу факторы: халықаралық ғыл.-теор.конф. материалдары / Жауапты ред. Т.А. Мамашев. – Алматы: Атажұрт, 2011. – 272 б.
- Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. – Алматы: Ғылым, 1997. – 264 с.
- Mette Thuno. *China's New Global Position: Changing Policies towards the Chinese Diaspora in the 21st Century*. January 2018. // <https://www.researchgate.net/publication/319716198>
- Nathan D. Gardner and Bernard Z. Keo. *Made in China or Born Abroad?: Creating Identity and Belonging in the Chinese Diaspora* // EDUCATION ABOUT ASIA Volume 25, Number 2 Fall 2020. –P. 4.
- Overseas Chinese Affairs of the State Council / The state council the people Republic of China: official site. URL: http://english.gov.cn/state_council/2014/10/01/content_281474991090995.htm
- Рождественская Я. Китайские инвестиции в Европу достигли рекордного уровня // Коммерсантъ. 26.01.2017. URL: <https://www.kommersant.ru/doc/3201876>
- Сейдин Н. Казахи за рубежом как объект национальной политики // <https://centrasia.org/newsA.php?st=1041585360>
- Сколько Китай вкладывает в Европу // <https://ria.ru/20170930/1505826869.html>
- Слука Н.А., Коробков А.В., Иванов П.Н. Китайская диаспора в странах ЕС // Балтийский регион. – 2018. – Т. 10. – №3. – С. 80-95.
- Стровский Л.Е. Роль хуацяо в развитии китайской экономики // Вестник УГТУ-УПИ. -2008. – № 2. – С. 66.
- United nation. Population Division. *International Migration 2020* // <https://www.un.org/development/desa/pd/news/international-migration-2020>
- Хафизова К. Трансграничные отношения Синьцзян-Казахстан // Центральная Азия и Кавказ. Электронды ресурс. <https://ca-c.org/journal/cac-09-2000/12.Khafizov.shtml>

- Ходова С.С., Федорова Е.А. Роль «хуацяо» в формировании политики открытости КНР // Территория новых возможностей // Вестник ВГУЭС. – 2015. – № 4 (31).
 Hong Liu & Els van Dongen. China's Diaspora Policies as a New Mode of Transnational Governance // Journal of Contemporary China. – 2016. – Vol. 25, – № 102, – P. 805–821.
 Шеффер Г. Диаспоры в мировой политике // Диаспоры. – 2003. – №1. – С. 162–184.

References

- Anokhina E.S. Sistema organizaciy raboty po vzaimodeistviu s zarubezhnymi kitaicami v KNR / E.S. Anokhina // Vestnik Tomskogo GosudarstvennoGo universiteta. –2012. –№ 362. -S. 65-68 [Anokhina, E.S. The system of organizing work on interaction with foreign Chinese in the PRC / E.S. Anokhina // Bulletin of the Tomsk State University. –2012. –№ 362. -p. 65-68].
 Gabriel Sheffer. Diaspora Politics: At Home Abroad. Cambridge University Press. Printed in the United Kingdom at the University Press. -Cambridge, 2003. –P. 17.
 Galstjan A. Kitaiskie diaspory nachali zakhvatyvat ekonomiki stran mira // Institute of Social and Economic Development. URL: <http://isedworld.org/2017/11/27> [Galstyan A. Chinese diasporas began to seize the economies of the countries of the world // Institute of Social and Economic Development. URL: <http://isedworld.org/2017/11/27>]
 Zhaqyp Myrzakhan. ShyngZhang shyndyqtary // <https://e-history.kz/kz/news/show/317/> [akyр Myrzakhan. Xinjiang realities // <https://e-history.kz/en/news/show/317/>]
 Zholdasbekov M. Tygel koship, atazhurtty tastap ketpengder // <http://old.baq.kz/kk/diaspora/1119> [Zholdasbekov M. Don't move and leave your homeland // <http://old.baq.kz/en/diaspora/1119>]
 Zolotukhin I.N. Kitaiskaja diaspora v Ugo-Vostochnoi Azii // Oikumena. -2011. -№ 2. –S. 158 [Zolotukhin I.N. The Chinese Diaspora in Southeast Asia // Oikumena. -2011. -№2. -p. 158]
 Larin A.G. Kitai i zarubezhnye kitaicy. -M., 2008. –S. 4. [Larin A.G. China and overseas Chinese. -M., 2008. -p.4]
 Nezhdanov V.L. Kitaiskaja diaspora i Kitai: obshchestvennye i ekonomicheskie otnosheniya dlja vzaimnogo politicheskogo blaga // Obshestvo i Gosudarstvo v Kitae. -2017. -№ 2. –S. 246. [Nezhdanov V.L. The Chinese Diaspora and China: Social and Economic Relations for Mutual Political Good // Society and State in China. -2017. -№ 2. -p. 246.]
 Mamashev T.A. Ul'tyq ideja – otandastardyng tauelsiz Qazaqstannyng igiligi zholynda birigu factory: khalyqaralyq gyl.-teor. konf. materialdary. Zhauapty red. T.A. Mamashev. –Almaty: Atazhurt, 2011. –272 b. [Mamashev T.A. The national idea is a factor of unity of compatriots for the benefit of independent Kazakhstan: International Scientific-Theoretical Conference. materials. Responsible ed. T.A. Mamashev. –Almaty: Atazhurt, 2011. –272 p.]
 Mendikulova G.M. Istoricheskie sudby kazakhskoi diaspory. Proiskhozhdenie i razvitiye. -Almaty: Gylym, 1997. -264 s. [Mendikulova G.M. Historical destinies of the Kazakh diaspora. Origin and development. -Almaty: Science, 1997. -264 p.]
 Mette Thuno. China's New Global Position: Changing Policies towards the Chinese Diaspora in the 21st Century. January 2018. // <https://www.researchgate.net/publication/319716198>
 Nathan D. Gardner and Bernard Z. Keo. Made in China or Born Abroad?: Creating Identity and Belonging in the Chinese Diaspora // EDUCATION ABOUT ASIA Volume 25, Number 2 Fall 2020. –R. 4.
 Overseas Chinese Affairs of the State Council / The state council the people Republic of China: official site. URL: http://english.gov.cn/state_council/2014/10/01/content_281474991090995.htm
 Rozhdestvenskaja J.A. Kitaiskie investicii v Evropu dostigli rekordnogo urovnja // Kommersant. 26.01.2017. URL: <https://www.kommersant.ru/doc/3201876> [Rozhdestvenskaya Ya. Chinese investments in Europe have reached a record level // Kommersant. 26.01.2017. URL: <https://www.kommersant.ru/doc/3201876>]
 Seidin N. Kazakhi za rubezhom kak obekt nacionalnoi politiki // <https://centrasia.org/newsA.php?st=1041585360> [Seydin N. Kazakhs abroad as an object of national policy // <https://centrasia.org/newsA.php?st=1041585360>]
 Skolko Kitai vkladyvaet v Evropu // <https://ria.ru/20170930/1505826869.html> [How much does China invest in Europe // <https://ria.ru/20170930/1505826869.html>]
 Sluka N.A., Korobkov A.V., Ivanov P.N. Kitaiskaja diaspora v stranaz ES // Baltiiskii region. -2018. -T. 10. -№ 3. -S. 80-95. [Sluka N.A., Korobkov A.V., Ivanov P.N. The Chinese Diaspora in the EU Countries // Baltic Region. -2018. -T. 10. -No. 3. -p. 80-95.]
 Strovskii L.E. Rol khuacjao v razvitiu kitaiskoi ekonomiki // Vestnik UGTU-UPI. -2008. -№ 2. –S. 66. [Strovsky L.E. The role of huaqiao in the development of the Chinese economy // Vestnik USTU-UPI. -2008. -№ 2. -p. 66.]
 United nation. Population Division. International Migration 2020 // <https://www.un.org/development/desa/pd/news/international-migration-2020>
 Khafizova K. Transgranichnye otnosheniya Cinczjan – Kazakhstan // Centralnaja Azija i Kavkaz. Elektronny resurs. <https://ca-c.org/journal/cac-09-2000/12.Khafizov.shtml> [Khafizova K. Cross-border relations Xinjiang – Kazakhstan // Central Asia and the Caucasus. Electrony resource. <https://ca-c.org/journal/cac-09-2000/12.Khafizov.shtml>]
 Khodova S.S., Fedorova E.A. Rol «khuacjao» v formirovanii politiki otkrytosti KNR // Territorija novykh vozmozhnostei. Vestnik VGUES. -2015. -№ 4 (31). [Khodova S.S., Fedorova E.A. The role of «huaqiao» in the formation of the policy of openness of the PRC // Territory of new opportunities. Vestnik VSUES. -2015. -№. 4 (31)]
 Hong Liu & Els van Dongen. China's Diaspora Policies as a New Mode of Transnational Governance // Journal of Contemporary China. -2016. -Vol. 25, -№ 102. -p. 805–821.
 Sheffer G. Diaspory v mirovoi politike // Diaspory. –2003. – №1. – p. 162–184. [Sheffer G. Diasporas in world politics // Diasporas. –2003. – № 1. – p. 162-184.]